

**Түркістан облысы Ордабасы ауданы  
Шұбарсу ауыл округі жергілікті қоғамдастықтың  
ӘЛЕУМЕТТІК –ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ**

**Шұбарсу ауыл округі  
жергілікті қоғамдастықтың  
12.08.2019 жылғы жиналысында  
бекітілген  
Хаттама №5**

**Шұбарсу ауылы -2019 жыл**

## I. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

Түркістан облысы Ордабасы ауданы Шұбарсу ауылының 2019-2021 жылдардағы жергілікті қоғамдастықтың әлеуметтік-экономикалық даму жоспары Шұбарсу ауыл округінің тұрғындарына қолайлы жағдай жасау мақсатында дайындалған.

Шұбарсу ауылынан облыс орталығы Түркістан қаласына дейін 140 шақырым, аудан орталығы Темірланнан 21 шақырымда орналасқан. Шұбарсу ауыл округінің орталығы Шұбарсу елді мекені. Халық саны- 26 628 адамды құрайды.

Шұбарсу ауылы 2000 жылдарға дейін Шымкент қаласында орналасқан мемлекеттік мекемелерге тиісті қызметкерлермен жұмысшыларға бөлініп берілген саяжай болған. 2000 жылы Шымкент қаласынан бөлініп, Ордабасы ауданы Шұбар ауыл округінің құрамына қосылды. 2005 жылдың қаңтар айынан Шұбар ауыл округінен бөлініп, өз алдына Шұбарсу ауыл округі болып құрылды. Шұбарсу ауыл округі бір ғана Шұбарсу ауылынан тұрады.

## II. АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙҒА ТАЛДАУ ЖАСАУ

### ЭКОНОМИКА

Шұбарсу ауыл округінің жалпы жер көлемі- 1752 га. құрайды. Ауыл шаруашылығы, егістік, тәлімі, суармалы, жайылымдық жерлері жоқ.

Ауыл округінде тіркелген халық саны – **26 747** адам, оның ішінде: ерлер-**13161**, әйелдер-**13586**. Зейнеткерлер-**1515**, 18-29 аралығындағы жастар- **4122**, оқушылар- **9478**, бөбекжай балабақшада тәрбиеленушілер- **2145**. Өзін- өзі жұмыспен қамтығандар- **9487**.

Еңбекке қабілетті халық саны- **11695** адамды құрайды. Оның ішінде: өзін-өзі жұмыспен қамтығандар- **9487** адам, олардың **531-і** жеке кәсіпкерлер. Жұмыссыздар саны- **64**.

Мемлекеттік және әлеуметтік нысандарда- **1613** ( әкімшілікте- **22** адам, мектептерде- **1032**, балабақшаларда- **394** адам, денсаулық сақтау нысандарында - **165** адам).

### АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ

Ауыл округінде мал басы: ірі қара- 3611, уақ мал- 5922, жылқы- 240, құс- 3060. Барлығыда малдарын аулада бағумен айналысады. Сонымен бірге, елді мекенде 3,4 га жылыжай бар.

### ӘЛЕУМЕТТІК САЛА

Ауыл округінде жұмыспен қамтылғандар- \_\_\_\_\_ адам, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар- \_\_\_\_\_ еңбекке белсенді азаматтар саны- \_\_\_\_\_ тіркелген жұмыссыздар саны-

к/с	Бағдарлама көрсеткіштері	2019 жылдың I жартыжылдығы		
		жылдық жоспар	орындалуы	%
1.	Бағдарламаға қатысушылар саны	786	953	122
2.	Әлеуметтік жұмыс орындары	22	24	109
3.	Бос жұмыс орындарына жұмысқа орналастыру	604	884	147
4.	Ақылы қоғамдық жұмысқа тартылғандар	40	12	30

5.	Жастар практикасымен қамтылуы	39	17	44
6.	Кәсіпкерлік негіздеріне оқыту	8	3	38
7.	Шағын несиелеу	18	1	6
8.	Кәсіби оқыту, қайта даярлау	55	12	22

Ауыл округінің зейнеткерлері, тыл еңбеккерлері, Алтын, Күміс алқа иегерлері, мүгедектері денсаулықтарын сауықтыру мақсатында, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі арқылы Ардагерлер үйлеріне Жолдама бойынша жіберіледі.

## ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫ

Денсаулық сақтау саласында 1 «Медикал Центр» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, 1 бастапқы медициналық көмек көрсету орталығы, 1 фельдшерлік-акушерлік пункті, 2 жекеменшік «Нұр Мұса» және «Фонтан» медицина орталықтары жұмыс жасайды.

### Медициналық мекемелер бойынша мәліметтер

Барлық мед.мекемелердегі қызметкерлер саны	165
Соның ішінде: Дәрігерлер саны	35
Орта буын медицина қызметкерлер саны	122
Тағы басқалар	8
Ауыл округінде 2019 жылдың 6 айында дүниеге келген сәбилер саны	431

### МЕКЕМЕЛЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Істеп тұрған мекемелердің саны- 30, оның ішінде: 1 ауыл округі әкімі аппараты, 6 мектеп, 13 бөбекжай балабақша, 1 кітапхана, 1 учаскелік полиция тірегі, 5 медициналық мекеме, 1 халыққа қызмет көрсету орталығы, 2 пошта бөлімшесі.

## ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС

### Кәсіпкерлік нысандар туралы мәліметі

к/с	Субъектілер атауы	Субъектілер саны	Нақты жұмысшы саны
1.	Базар	1	1
2.	Тойхана, мейрамхана, дәмхана	7	15
3.	Сауда орталықтары	21	32
4.	Азық түлік дүкендері	82	82
5.	Дәріханалар	8	8
6.	Жеке бөбекжай балабақшалар	13	394
7.	Жанар-жағар май бекеттері	1	5
8.	Газ құю бекеттері	7	7
9.	Нотариустар	2	3
10.	ТҚКО (СТО), дөңгелек желімдеу	5	10
11.	Авто жуу орындары	4	7
12.	Шаштараздар	5	15
13.	Шлакоблок құю цехы	4	10
14.	Ломбардтар	2	9
15.	Наубайханалар	2	6
16.	Бильярд	2	2
17.	Жиһаз цехтары	1	2
18.	Пластик цехы	5	5

19	Моншалар	1	4
20	Спорт кешені	2	5
21	Фотосалон	2	3
22.	Жемхана	2	4
23	Тігін шеберхана	1	2

## БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ

### Мектептер:

к/с	Мектептің атауы	Басшысының Аты-жөні	Бала саны	Қызметкерлер саны
1.	Б.Нұрлыбеков ЖОМ	Ж.Акилбекова	2073	240
2.	М.Исламқұлов ЖОМ	Б.Тастанбекова	3720	304
3.	«Атамекен» ЖОМ	Д.Тинисбаева	800	112
4.	«БІнтымақ» ЖОМ	Н.Бектемиров	1663	212
5.	«Достық» ЖОМ	Н.Байбеков	1110	154
6.	«Парасат» бастауыш мектебі	Б.Умиршаева	112	10

Ауыл округіндегі 600 орындық «БІнтымақ» жалпы орта мектебі 2019-2020 жаңа оқу жылында 3 ауысымға өтіп кету қауіпі болғандықтан, қосымша 300 орындық оқу корпусының құрылысы жүргізілуде. Аяқталуы үстіміздегі жылдың желтоқсан айына жоспарланған.

### Бөбекжай балабақшалар

к/с	Бөбекжай балабақшалар атауы	Басшысының аты-жөні	Бала саны	Қызметкерлер саны
1.	«Зерек бала»	Г.Мусаева	120	20
2.	«Балбөбек»	Р.Қаныбекова	100	20
3.	«Шымқорған»	Г.Бекжанова	250	41
4.	«Нұр Мерей»	С.Муминова	250	38
5.	«Айназия»	К.Жасузакова	150	29
6.	«Ай Ару»	А.Онгарбекова	300	64
7.	«Кәусар Әли»	М.Туреева	225	39
8.	«Жұлдыздар мекені»	Қ.Татпеннова	150	22
9.	«Зура апа»		125	28
10.	«Ай Томирис»	О.Жакен	100	15
11.	«Хансұлтан»	С.Үйсінбаева	100	25
12.	«Айзере»	Д.Абдралиева	175	33
13.	«Адина»		100	20
	Барлығы		2145	394

## ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ

Ауыл округі бойынша 5 мектепте спортзалдарымен алаңшалары жастарға қызмет көрсетеді. 2 жекеменшіктегі жабық спорт кешендері бар.

### ЖОЛДАР МЕН КӨЛІК

Ауылдағы жолдардың ұзындығы 340,6 шақырым, оның ішінде 28,95 шақырымы асфальт, 288,4 шақырымы шағал тас және 23,28 шақырымы топырақ жол. Ауыл орталығын көріктендіру, көгалдандыру жұмыстарын жоспарға енгізу қажет. Ауылдың бас Төле би, Қазыбек би, Айтеке би және «Тәуелсіздік» көшелеріне аяқ жол салуды қажет етеді.

Шымкент қаласымен автобус байланысы реттелген, бірақ автотұрақ жоқ.

## **ТҰРҒЫН- ҮЙ КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ**

### **Электрэнергия**

Ауыл округіне қарасты 88 алап бар, соның ішінде ; 73-сі жұмыс жасайды. Осы алаптардың 7-і мемлекеттік коммуналдық меншіктің есебінде, 66 алаптың 61-нің құжаттары аудандық соттың қарауында болып, шешімдері шығып, мемлекеттік коммуналдық меншікке өткізу бойынша аудан әкімінің Қаулысы қабылданды. Ал «Орбита», «Аккорд», «Земляне», «Достық» және «Авиатор» алаптары құжаттарын тапсырудан бас тартуда. Бүгінгі таңға дейін алап тұрғындары өз келісімдерін бермеуде, алайда түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Жалпы елді мекенде 8515 абонент бар. Соның ішінде, бүгінгі таңға 1156-сы сапалы электр энергиясымен қамтылған. Тозығы жеткен электр желілері мен трансформаторларды жаңарту мақсатында елді мекен 2 кезеңге бөлінген. Ендігі жоспар сапалы электр энергиясымен 1 кезең бойынша 2800, 2 кезеңмен 4559 абонентті қамту. Қазіргі таңда, бірінші кезеңнің құрылысы аяқталу үстінде.

### **Ауызсу**

Шұбарсу ауылында жалпы 56 су мұнарасы бар. 31 алаптың су мұнаралары мемлекеттік коммуналдық меншікте. 18 алаптың ауыз су мұнаралары тұтыну кооперативтердің меншігінде. Бұл мұнаралар тәулігіне 24 сағат ауыз су беруде.

### **Газ**

Шұбарсу ауыл округі бойынша 2018-2019 жылдарға Шұбарсу ауыл округі табиғи газбен қамтамасыз ету нысанына ЖСҚ әзірлеу үшін 72 млн 347 мың 700 теңге қаралды. Қазіргі таңда жобалаушы мекеме «НПТЦ САМИ» ЖШС-мен келісім шарт жасалып, жалпы 340,6 шақырымға табиғи газ жүйесіне жобалық сметалық құжаттамасы әзірленуде.

## **ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР**

1. Ауыл округінде мәдени іс-шараларды өткізетін мәдениет үйі жоқ. Шешу мақсатында жеке кәсіпкер Әшір Ақарыс Айдарханұлының өз қаражатымен мәдениет үйіне ыңғайластырып салынған ғимаратты мемлекеттік коммуналдық меншікке сатып алынса.

2. Ауыл округінде 4432 отбасы орналасқан. Өрт бола қойған жағдайда аудан орталығынан өрт сөндіру көлігінің жетіп келуі ұзақ уақыт алады. Жеке кәсіпкердің қаражатымен өрт сөндіру бекетіне ыңғайластырылып салынған ғимаратты мемлекеттік коммуналдық меншікке сатып алынса.

3. Ауыл округі әкімі аппараты типтік емес ғимаратта орналасқан пайдалану нормативіне 56,7 шаршы метрге кем, саяжай есебінде салынған. Қабырғасы мен едені бетон. Тұрғындарды қабылдауда қиыншылықтар туғызуда. Сондықтан да, жеке кәсіпкер Нұрсейт Набаттың өз қаражаты есебінен ыңғайластырып әкімшілік ғимаратына салынған ғимаратты мемлекеттік коммуналдық меншікке сатып алу.

4. Б.Нұрлыбеков атындағы жалпы орта мектебі 2019-2020 жаңа оқу жылында 3 ауысымға өтіп кету қауіпі бар. Сондықтан, «Достық» мектебінің ескі орнынан, 250-300 орындық оқу корпусын салу керек.